




Экономиканы әртарапандыру: толғам мен болжам



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

• БӘРЕКЕЛДІ!
90 ЖЫЛДЫҚҚА – 90 ГАЗЕТ

Келер жылы қазыналы Қарағанды 90 жылдық мерейтойын атап өтеді. Қаладағы Жұмабек Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы мейрамға той таралғысын жасайды. Мерейтойға орай 90 газетке жазылды.

ERKANAT KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Толғам

Президенттің айтқан экономиканы әртарапандыру мен жанарту амалдары неғұрлым жеделірек іске асса, соғұрлым мемлекетіміздің тұрақты дамуын қамти түспек. Әлбетте, «әр нәрсенің өз уағы болады» десеңіздер мұндайда былайық мамандар байсалды қалыпша. «Үш экономист бас қосқан жерде бес түрлі пікір бар» деген тәсіл ойға оралады осындайда. Әйтсе де, бір нәрсе – айнымас ақиқат. Нарық деген ұғым барда экономика секторына селкеу түсірмей, түрленіп түлетіп отыру мемлекет тұрmaq әр адамның күнделікті мүддесі деген ойға шомамыз.

Жаһанның алмағайып алаңындағы тысы, ішкі жағдаяттарды былай қойғанда, Қарағанды облысының экономикасы мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру, кәсіпорындардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету есебінен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің он серпін аңғарылды бұл жылда. Бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша жалпы өңірлік өнімнің көлемі 3 010,4 млрд. теңгені құрапты. Ал, І қарашадағы жағдай бойынша облыс бюджеті 711,7 млрд. теңгені шамалап, республикалық бюджеттен субвенциялар, несиелер және трансферттер 56,7%-ды жеткерген. Әлеуметтік мәселелерді шешуге 362,6 млрд. теңге бағытталған да, кейінгі айлар аясында мемлекеттік бюджетке 483,3 млрд. теңге көлемінде кіріс түскен. Қарқын қамшы салдырмай тұр. Облыстың өнеркәсіптік өндіріс көлемінің республикалық көлемдегі үлес салмағы 7,9%-ды құрады. Бұл – Қазақстан Республикасы бойынша ІІІ орын.

Мақұл делік. Көрсеткіш көз сүйсінткенмен, алдағымызды саламат ету жолында экономиканы екпіндетіп, әртарапандыра түсу міндетін ешкім жоққа шығарған жоқ. Тоқталайық.



Сурет ашық жерлермен алынды

► 2-бет

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандының көне тарихы Арқадағы адуынды басылым «Ortalyq Qazaqstan»-мен тығыз байланысты. Газет бетінде қаланың құрылуынан бастап, қаншама еңбектің нәтижесі, адам тағдыры, бейнесі, суреті жарияланды. Ұлттың рухын көтеруге үлес қосты. Жылда газетке мұғалімдердің мақаласы шығып тұрады. Кейінгі екі жылда мектебімізде жақсы жұмыстар атқарылды. Соның барлығы газет бетінен жарық көріп, мерейімізді үстем етті. Газет – дәуір үні. Әр дәуірдің өзіндік талабы, міндеттері болады. Осы жолда журналистер қауымы замана ағымына сай еңбек етуде. Газет бетінде кез келген тақырыпқа сай тұщымды дүниелер жарияланады. Әріптестеріміз Қарағандының 90 жылдығына орайластырып, 90 газетке жазылуды дұрыс көрді, – дейді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қаракөз Әбдіқамалова.

Осылайша Жұмабек Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымының ұстаздары, сүйікті газетінің оқырманымен ғұмырлы болғанын құп көріпті. Білім ордасындағы 120-ға жуық білім саласының қызметкері «тарихымыз жазылатын «Ortalyқтың» әр нөмірін сақтап, жинап жүрміз» дейді.

Тәшенев мектебінің тамаша бастамасын өзге білім ордалары жалғастырып жіберсе, нұр үстіне нұр болар еді...

• «АУЫЛ БЕРЕКЕ – 2023»

Дала дәмі қалада

«Ауыл Береке» жәрменкесі ел ішінде жарнамаға зәру емес. Қоңыр күзде қонды малын, сүт-қаймағы мен көкөнісін көпшілікпен бөлісу ауылдықтар үшін дәстүрге айналған. Өткен сенбіде Қарағанды қаласындағы «Global City» көтеріме-тарату орталығының аумағында кезекті «Ауыл Береке» ауыл шаруашылығы жәрменкесі өтті. Жәрменкеге келген жұрттың қарасы қалын.

ЖАН АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жолы жәрменкеге аймақтың жүзден астам ауыл шаруашылығы өнімін өндіріп отырған жерлерестер келді. Оның ішінде, шаруа қожалықтарымен қатар, жекелеген шаруалар, қайта өңдеу өнеркәсіптері де бар. Бағасы да әдеттегідей базардан әлдеқайда төмен. Нақтылағанда, жәрменкеге келген жұрт өнімді 10-15 пайызға төмен бағамен алды. Ет, картоп, көкөніс, сүт өнімі, балық, жұмыртқа секілді күнделікті қажетті азық-түлікті қамтыған жәрменке халықтың қалтасын қақпайды. Сапасы – таза табиғи өнім. Ең бастысы, бағасы бұқара көңіліне қонымды.

Ауыл шаруашылығы басқармасының дерегіне, жәрменкедегі өнімнің көлемі – 560 тонна екен. Оның ішінде, 53 тонна ет, 360 тонна картоп, 110 тонна көкөніс, 16 тонна сүт өнімі, 8 тонна балық және балық өнімі бар. Ал жеткізілген жұмыртқа саны 175 мың дана. Бұдан бөлек, 1 тонна өзге де өнімдер саудасы сәске түске дейін қыза түсті. Жалпы, жәрменке қала тұрғындарына қолжетімді бағамен сапалы азық-түлік сатып алуға және қысқа өз қорларын

толықтыруға мүмкіндік беретінін ерекше атаған абзал.

Бұған дейінгі алғашқы жәрменкеде де ауылдықтар осынша тонна өнім әкелген болатын. Расында, жәрменкеде ет өнімі мол болады. Қысты соғымсыз елестете алмайтын жұртымыз осы жәрменкеде соғым ойдағы бағасына алуда. Ен далада еркін жайылып, экологиялық таза өнім ретінде аса жоғары бағаланатын ауыл өнімінің кері қайтқан кезі жоқ. Өдетте түске дейін сөрелер босап қалады. Бұл жолы да осы үрдіс үзілген жоқ.

Қарағандылықтар жәрменкенің тиімділігін ұдайы айтады. Бағаның қолайлығы өз алдына, оның еш қоспасыз табиғи тазалығына тәнті.

– Мен өзім жәрменкеге үнемі келемін. Қажетті азық-түліктің негізгісі осы арадан аламын. Оның үстіне, ауылды да сағынасыз. Мұнда келіп, ауылдағы ағайынның біразын көріп, емен-жарқын боламыз. Қалаға ауыл көшіп келгендей, – дейді өзін Бижамал деп таныстырған қала тұрғыны.

Әр аудан өзіне тән шаруашылықтарды қамтыған екен. Мал шаруашылығы жақсы дамыған аудандар еттің ең шимандысын сөреге тітсе, көкөніс өсіріп, көпке аты



шыққан өнімдер көкөністерді тонналап-ақ әкеліпті. Ұқсатушы кәсіпорындар мен балық шаруашылығындағылар да барымен бөлісті.

– Жергілікті БАҚ-та жәрменке туралы хабарландыруды асыға күтетіннің бірі мен шығармын. Өзіміз пәтерде тұрамыз, күзде өнімін жинап алар саяжайымыз да жоқ. Өйткені, қалада жұмысбастылықпен саяжай ұстауға уақыт тапшы. Ал, жәрменкенің арқасында сол олқылықтың алдын алып, қамбаны керек азық-түлікке

толтырып жатырмыз. Картоп, ет, өзге де көкөністерді жәрменкеден алып жүрміз. Бағасы базардан да арзан әрі өте сапалы, – дейді Нина есімді тұрғын.

Қазы-қарта, жал-жая, ірімшік, құртмайды жемейтін жұрт жоқ шығар. Базар аралап, шаруалармен саудаласып жүргенің біршамасы өзге ұлт өкілдері. Қазақы дәм таңсық болса керек, әрі оның дәмі тіл үйірсе, алмағанда қайтеді?! Асылында, бертің келе қала халқын осы бір «Ауыл Береке» жәрменкесі қуантып-ақ келеді.

Тіпті, кей тұтынушылар тауарды тегін алғандай разы болады. Бұндай қазақтың дала дәмінің құны құлынды биетке бергісіз екені ашық көрінеді. Базар жұрты мәре-сәре. Саудаларына көңілдері тоқайып, қайтуға да қапаланбады. Себебі, оларды төрт бағытта қоғамдық көліктер тосып тұрды. Көліктер Сұрыптау ауданы, Пришахтинск, Михайловка, Оңтүстік-Шығыс бөліктеріне жүрді. Бұл қала тарихындағы дала дәмінің иісі аңқыған есте қалар жәрменкенің бірі еді.

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құныныңыз) балама жазылу жүргізіледі.



Kaspi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	5827,65	5891,70
	12 ай	11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай 3079,65	3083,70
		12 ай 6159,30	6167,40

Жөнілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша
(бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30	5651,40

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovy@bk.ru

Баспасөз - 2024



► 2-бет

